

**Қыздархан Құрмашқызы Рысберген^{1*}, Дана Мұсабекқызы Пашан²,
Қайрат Ғабитханұлы³**

^{1*}филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-4205-9655 E-mail: ms.rysbergen@mail.ru

²филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0003-0583-862X E-mail: pashan_dan@mail.ru

³филология ғылымдарының кандидаты, доцент, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-4434-2291 E-mail: kayrat.g@mail.ru

**ХАЛЫҚТЫҚ НАНЫМ-СЕНІМГЕ ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМДЕРІ МЕН
ЭТНОНИМДЕРІНІҢ ҚОРҒАУ ФУНКЦИЯСЫНЫҢ ЭТНОСЕМАНТИКАСЫ**

Андатпа. Мақалада дәстүрлі қазақ есімдері мен ру-тайпа аттарының аталым уәжіндегі ырым-тыйымдар, наным-сенімдердің семантикасы қарастырылады. Зерттеу *өзектілігі* «Қазақ тілінің ұлттық корпусының» Ономастикалық ішкорпусын антропонимдер мен ру-тайпа атаулар блогымен толықтыру қажеттілігімен байланысты болып отыр. Корпустық базаны толықтырып қана қоймай, кісі есімдер жүйесіндегі ескірген есімдер мен көптеген қазақ тектері бастау алатын этнонимдік модельдердің мағынасы жабық кодқа салынған, көмескіленген, қазіргі тілдік қауымға түсініксіз, анахронизмге айналған, халықтық білімдер мен дәстүрлі түсініктер арқылы анықтау өзектілігі арта түсуде. Антропоним, этнонимдердің «жағымсыз» семантикасы астарында қорғау, магиялық, ритуалдық функцияларды айқындау, XIX ғасырдағы ономастикалық материалдармен дәйектелуі мақала тақырыбының *ғылыми құндылығы* мен *жаңалығын* айқындайды. Зерттеуде тілдік материалды жүйелеу, сипаттау, тарихи-деректік интерпретация жасау тәрізді дәстүрлі *әдістер* қолданылды. Сондай-ақ мәдени семантикалық талдау *әдісі* антропо-, этномодельдердің халықтың практикалық тіршілік қамымен, мифтік танымымен байланысты түрлерін айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында ру-тайпа атауларының көпшілігі лақап аттарға негізделгендігі, сондай-ақ олардың «жағымсыз, тылсым күштерден қорғау функциясы» арқылы уәжделгендігі анықталады. XIX ғасырдағы кісі есімдері мен ру-тайпа атаулары сол кезеңдегі қазақтың көшпелі қоғамының ақиқат «ғаламның тілдік бейнесін», «ғаламның ономастикалық бейнесін», яғни реалды тілдік контентін көрсете алады.

Тірек сөздер: антропоним; этнонимдер; этномәдени семантика; жағымсыз семантика; ру-тайпа атаулары; шежіре

Қаржыландыру көзі: Мақала BR21882249 «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» атты іргелі мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Рысберген Қ.Қ., Пашан Д.М., Ғабитханұлы Қ. Халықтық наным-сенімге қатысты қазақ антропонимдері мен этнонимдерінің қорғау функциясының этносемантикасы. *Tiltany*, 2025. №1 (97). 25-34-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-25-34>

**Қыздархан Құрмашқызы Рысберген^{1*}, Дана Мұсабекқызы Пашан²,
Қайрат Ғабитханұлы³**

^{1*}доктор филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-4205-9655 E-mail: ms.rysbergen@mail.ru

²кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0003-0583-862X E-mail: pashan_dan@mail.ru

³кандидат филологических наук, доцент, Институт языкознания имени А. Байтұрсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-4434-2291 E-mail: kayrat.g@mail.ru

**ЭТНОСЕМАНТИКА ОХРАННОЙ ФУНКЦИИ КАЗАХСКИХ АНТРОПОНИМОВ И
ЭТНОНИМОВ, СВЯЗАННЫХ С НАРОДНЫМИ ПОВЕРЬЯМИ**

Аннотация. В статье рассматриваются традиционные казахские имена и названия родо-племенных объединений, а также семантика обычаев, запретов, верований и суеверий, лежащих в их основе. *Актуальность* исследования связана с необходимостью дополнения Ономастического подкорпуса «Национального корпуса казахского языка» блоком антропонимов и названий родо-племенных объединений. Важно не только пополнить базу Корпуса, но и раскрыть этнокультурную семантику устаревших имен и этнонимических моделей, которые послужили основой многих казахских фамилий. Эти модели утратили свою первоначальную ясность, превратившись в анахронизмы, закрытые кодовые структуры, непонятные современному языковому сообществу. Это требует их

осмысления через народные знания и традиционные представления. *Научная значимость и новизна* темы статьи заключается в выявлении охранных, магических и ритуальных функций, зашифрованных за «негативной» семантикой антропонимов и этнонимов на базе ономастического материала XIX века. В исследовании использовались традиционные *методы* систематизации, описания и историко-фактологической интерпретации языкового материала. *Метод* культурно-семантического анализа позволил определить типы антропо- и этномоделей, связанные с практическим бытом народа и его мифологическим мировоззрением. В процессе исследования выяснено, что большинство названий родо-племенных объединений представлены прозвищами, а их мотивация связана с функцией защиты от «негативных» или мистических сил. Личные имена и родо-племенные названия XIX века отражают «языковую картину мира» казахского кочевого общества того времени, представляя собой ономастическую интерпретацию реального языкового контента.

Ключевые слова: антропонимы; этнонимы; этнокультурная семантика; отрицательная семантика; названия племен; родословная

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках программы фундаментального целевого финансирования BR21882249 «Совершенствование Национального корпуса казахского языка (НКЛ) как средства межкультурной коммуникации и расширение его внутреннего корпуса».

Для цитирования: Рысбергенов К.К., Пашан Д.М., Габитханулы К. Этносемантика охранной функции казахских антропонимов и этнонимов, связанных с народными поверьями. *Tiltanyim*, 2025. №1 (97). С. 25-34. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-25-34>

Kyzdarkhan Rysbergen^{1*}, Dana Pashan², Kairat Gabitkhanuly³

^{1*}Doctor of Philology, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-4205-9655 E-mail: ms.rysbergen@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0003-0583-862X E-mail: pashan_dan@mail.ru

³Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-4434-2291 E-mail: kayrat.g@mail.ru

ETHNOSEMANTICS OF THE PROTECTIVE FUNCTION OF KAZAKH ANTHROPONYMS AND ETHNONYMS RELATED TO FOLK BELIEFS

Abstract. The article examines traditional Kazakh personal names and the names of tribal-clan associations, as well as the semantics of customs, taboos, beliefs, and superstitions underlying them. The relevance of the research is determined by the need to expand the Onomastic Subcorpus of the “National Corpus of the Kazakh Language” with anthroponyms and ethnonyms. Additionally, an important aspect is uncovering the ethnocultural semantics of archaic names and ethnonymic models, which have lost their clarity and turned into anachronisms – closed code structures incomprehensible to the modern linguistic community. This necessitates their interpretation through folk knowledge and traditional perceptions. The scientific significance and novelty of the article lie in identifying the protective, magical, and ritual functions encoded within the “negative” semantics of anthroponyms and ethnonyms based on onomastic material from the 19th century. The study employed traditional methods of systematization, description, and historical-factual interpretation of linguistic material. The cultural-semantic analysis method made it possible to identify the types of anthropo - and ethnomodels connected to the practical life of the people and their mythological worldview. The research revealed that most clan-tribe names were based on nicknames, and their motivation was associated with the function of protection against “negative” or mystical forces. Personal names and tribal-clan names of the 19th century reflected the “linguistic worldview” of the Kazakh nomadic society of that era, representing an onomastic interpretation of real linguistic content.

Keywords: anthroponym; ethnonyms; ethnocultural semantics; negative semantics; clan-tribe names; genealogy

Source of funding: The article was prepared within the framework of the fundamental targeted financing program BR21882249 “Improving the tool of intercultural communication – the national corpus of the Kazakh language (NCKL) – and expanding its subcorpora”.

For citation: Rysbergen, K., Pashan, D., Gabitkhanuly, K. Ethnosemantics of the Protective Function of Kazakh Anthroponyms and Ethnonyms Related to Folk Beliefs. *Tiltanyim*, 2025. №1 (97). P. 25-34. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-25-34>

Кіріспе

Халқымыздың бай шежіресі тарихи-этнографиялық, тілдік-фольклорлық дерек көзі ретіндегі рухани қазынамыз. «Шежіре – белгілі бір халық пен ұлыстың, ру-тайпаның шығу тегі мен таралу өрісін, әрбір ұрпақ өкілінің түп-тұқиянынан таратып, ата-бабаларының өсіп-өну жолын саралайтын жаднама, жалпы ел-жұрттың бастан кешірген тарихы мен әлеуметтік өмірін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ауызша да, жазба түрінде де паш ететін жәдігер», – (Қайдар, 2013: 6). Шежіре материалын ономастикалық тұрғыдан мынадай топтарда қарастыруға болады: ру-тайпа атаулары,

патронимдер, тайпалық таңбалар өз алдына семиотикалық феномен, ата-бабаларымыздың жауға шапқандағы ұрандары (уранонимдер), этнонимдерге қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестер, ру-тайпа атауларының этимологиясы, халық арасындағы аңыз-әңгімелер т.б. шежіренің тарихи-тілдік кешенін құрайды. Осы орайда академик Ә. Қайдар былай дейді: «Тілшілердің тарихшылар мен шежірешілердің «төл ісіне» араласуының бір себебі – этнос тарихына қатысты *этнонимдердің* (ру-тайпа, ұлыс, халық атауларының) де, *антропонимдердің* (тарихи тұлғалар есімдерінің) де, *топонимдердің* (тарихи арена болған жер-су атауларының) де – бәрі де ең алдымен тіл фактілеріне және тіл білімі зерттейтін объектілерге (ономастика) жатуында болса керек» (Қайдар, 2013: 8).

Қазақ есімдерінің антропонимдік репертуары негізінен көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты толығып отырған, олардың барлығы дерлік ырымдап қойылған есімдер. Халқымыздың антропонимдік жүйесі төрт түлік мал атаулары, төл атаулары, тұрмыстық заттар, қару-жарақ, табиғи құбылыстар, өмір жасы ұзақ болсын деген тілектен туған есімдер және т.б. көптеген лексика-семантикалық топтарды қамтыған. Бұл жөнінде профессор Т.Жанұзақтың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Біз тек ырымдап қойылған кейбір есімдер мен «жағымсыз» семантикалы лақап аттарға тоқталамыз, ал олар негізінен ру аттары болып келетіндігі байқалады.

Болашақта осы төлтума шежіреміздің тілдік-этимологиялық, фольклорлық ауқымды материалы Ұлттық корпусымыздан өз орнын алуы тиіс. Өйткені олар тарихи мәтіндерде жиі кездеседі.

Мақаламызда XIX ғасырдағы антропонимдік модельдер мен кейбір ру-тайпа атауларының мәдени семантикасын айқындап, ондағы кодталған жасырын ақпараттарды ашу мақсатын қоямыз. Хронологиялық тұрғыдан XIX ғасырды алуымыздың себебі дәстүрлі халықтық ономастикалық жүйенің тарихи дереккөздерде отаршылық дағдарыс күшейе түскенімен әлі де төлтума қазақы табиғатын сақтағандығымен байланысты.

Материал және әдістер

Зерттеуге қажет фактологиялық онимдік материалдар негізінен XIX ғ. соңында қазақ даласын отарлау мақсатында жүргізген зерттеулерге қатысқан Ресей империясының экспедиция басшысы Ф.А. Щербинаның еңбектері болды (Материалы по киргизскому землепользованию, 1902). Академик Ә.Қайдардың қазақ шежіресіне арналған 3-томдық этнолингвистикалық сөздігін пайдаландық, (Қайдар, 2013: 8), сондай-ақ қазақ ономастикасының негізін қалаушылардың бірі, ономаст ғалым, профессор Т.Жанұзақтың қазақ ырым, наным-сеніммен уәждеделген лақап аттарға арналған еңбектерін басшылыққа алдық (Жанұзақ, 2021). Ф.Щербинаның Қазақстанның тарихи территориясына арналған 13-томдық еңбектер жинағының тек Ақмола облысына қатысты 11-томдағы онимдік материалын ғана іріктеп алдық. Талдау барысында ырым-тыйым, наным-сенімге негізделген лақап аттардың санының, қолданысының жоғары жиілігін байқадық.

Мақалада зерттеу материалын іріктеу, тақырыптық топтастыру, талдау, сипаттау тәрізді дәстүрлі әдіс тәсілдер мен онимдік бірліктердің этномәдени семантикасындағы жасырын кодты ашу тәрізді әдістер қолданылды.

Әдебиетке шолу

Еліміздің Шығыс аймағының этнонимдердің тарихи-лингвомәдени жүйесін зерттеген Ш.Сейітованың (Сейітова, 2021), жазушы, белгілі әдебиеттанушы Т.Жұртбаевтың (Жұртбаев, 1994), жеке қазақ руларының шежіресіне арналған М.Жанболатұлының (Жанболатұлы, 2004), Ж.Жүнісжанұлының (Жүнісжанұлы, 2002), татар антропонимдерінің қорғау функциясына арналған Г.С. Хазиева-Демирбаштың (Хазиева-Демирбаш, 2017) және тақырыпқа қатысты т.б. авторлардың еңбектеріне сілтеме жасалды. Орыс зерттеушісі Е.О. Борисова орыс тіліндегі лақап аттардың уәждеделу ерекшеліктеріне тоқталған: «Известно, что прозвища играют важную роль в повседневной жизни традиционного деревенского социума, выполняя, помимо номинативной, также характеризующую функцию, поскольку во внутренней форме индивидуального прозвища закрепляется, как правило, какой-либо признак, отличающий носителя прозвища от окружающих людей: особенности внешности, характера, рода деятельности и т.д.» (Борисова, 2024: 158). Сондай-ақ лақап аттың негізінен ер адамдарға тән болып келетіндігі туралы Ә.Сейітбатқалдың мақаласында айтылады (Сейітбатқал, 2023: 118).

Нәтижелер және талқылау

Жаңа туған балаға халқымыздың ат қою дәстүрі түрлі ырым-жоралғылар мен наным-сенімдерге негізделген. Ерте кезден бастау алатын ырым-тыйымдардың, дәстүрлі архаикалық түсініктердің кейбіреуі күні бүгінге дейін өзінің тілдік-коммуникативтік белсенділігінен арыла қойған жоқ. Дәстүрлі қазақ қоғамында, әсіресе, балаға ат қою ырымдары әр алуан болып келеді. Ол ырымдардың аталымдық уәжі де алуан түрлі, семантикасында жабық этномәдени код жатыр. Бала тұрмай, шетіней бергенге байланысты тылсым күштерді адастыру мақсатында қойылған есімдер (мысалдар Ф.Щербинаның еңбегінен алынды): *Айтуар Тілеген, Бәрменбай Төлен, Бұлқадыр Төлеген, Мұқаш Тілепберген, Сқақ Сатыбалды, Сатқанқұл Соқыр, Жәкен Боқбасар, Шоқай Елеусіз, Шоқпыт, Шұлғау, Ұлтарақ, Жаманбала, Қиқым, Сасық* т.б. Халық бұл есімдердің қорғаушы, магиялық күші бар деп сенген.

Этнограф Досымбек Қатыранның ізімен *Сатыбалды* деген есімге толығырақ тоқталамыз. Ғалымның пікірінше, оның мәнісі көне, ұмыт бола бастаған ырымда жатыр. Бала шетіней бергенде сәби дүниеге келісімен оны көп баласы бар кемпір-шалға асырауға беріп жібереді. Олар шарананы етегіне салып алып кетеді. Арада 2-3 ай өтіп, бала аман-есен қарақұлақтанған шамада әке-шешесі оны барып қайтарып алады. Ол үшін кішігірім пьеса ойналады. Әркімнің өз рөлі бар. Осы дәстүрде айтылатын арнайы диалог бар.

Баланың әке-шешесі бір арқа отын арқалап бала әкетілген үйге барады. Киіз үйдің сыртында тұрып, олар: «Біз бір перзентке зар болған пақыр едік, осы үйде бала бар деп естіп келдік», – дейді. Сырттағылардың баланың әке-шешесін екенін үйдегілер біліп отыр ғой, сонда сыр алдырмай: «Біздің үйде бала бар, бала сатылады», «кім айтты, аулақ жүріңдер» деп дауыс көтереді, осылай айтуға міндетті. «Балаңызды бізге беріңіз» деп келгендер жалынып, жалпаяды. Соңында «жақсы онда баламды сендерге асырауға бердім, баламды қидым», – дейді іштегі жауап қатушы. Сөйтіп, қайтарып алған баланы екі-үш ай өткеннен соң Сатыбалды деп атайды (Амангелді, 2023).

Бұл ғұрыпты ел ішінде *есік ауыстыру* деп те атайды. Тура осы ырым татарларда да бар екен. Астрахан татарларындағы бала сату ритуалы: «Символичен диалог между «продавцом» и «покупателем»: «Сатам, аламсыз?» – «Алабыз. Хақы ничэ сум?» – «Биш сумнан сорыйбыз, күп сорамыйбыз». Астраханские татары во время обряда продажи ребенка произносили особое заклинание и дарили чай, масло, деньги: «Сатып алганда ырымлап чэй бирэде, акча бирэде. Атын инде Сатыбал куйган» (Хазиева-Демирбаш, 2017: 79).

Біздің ойымызша, *Төлеген, Төлепберген, Төленді, Өтеу, Өтепберген, Сатқанқұл* есімдерінің семантикасында да магиялық қасиеті бар деп есептелген. Яғни сәбиге зиян келтіруі мүмкін тылсым күштерге «бұл баланы сатып алғанбыз, ақшасы (құны) төленген, өтелген» деген жасырын ақпарат бар.

Сондай-ақ бала тоқтамаған жағдайда баланың жолдасын киізге тігіп, молдаларға оқытып, күлдіреуішке (шаңырақ ортасына) бала жеті жасқа келгенше іліп қояды. Бала жетіге толған соң «садақасын» беріп, жолдасы салынған киізді ұлы жолдың бойына апарып тастайды. Кейде нәрестеге неше түрлі есім (Өмірзақ, Тоқтасын, Ұзақбай, Боқтыбай, Шылғаубай, Итбай т.б.) қойып, темір бесікке бөлейді, кіндігін балтамен, таспен кесіп, шөппен байлайды. Өмірі ұзақ болсын деп үш немесе жеті кемпірдің екі аяғының арасынан өткізіп алады да *Үшкемпір, Жетікемпір, Жетікөт* сияқты ат қояды. Бұл кешенді рәсім бала тоқтамай қырсық шалған үйден баланы алшақтату арқылы өлімді жаңылдыру, адастыру мәнінде жасалатын магиялық ғұрып болып табылады (Қазақтың этнографиялық ... , 2017).

Ырымға қатысты қойылған сәби есімдерін қазақ антропонимдерінің зерттеушілердің ортақ пікірі балаға көз тимесін, өмірі ұзақ болсын деген мақсатпен сиықсыз, мағынасы жиіркенішті «жаман» аттарды қойған дегенге саяды.

Профессор Т. Жанұзақ: «Жын-шайтандарды алдау үшін *Боқбасар, Майкөт* сияқты «жаман аттар» да қойылған. Бала өлмесін деген мақсатпен оның атын *Күшікбай, Итбай* деп қою Орта Азия халықтарында болған әдет. Оны Кавказ халықтары мен түркі тілдес халықтар да, моңғолдар да қояды. Кавказ халықтары (осетин, кабардиндер) отбасында бала тұрмаса (өле берсе) жаңа туған балаға итке байланысты ат қояды. Баланы алып кететін шайтандар қара иттен қорқады деп түсінген. Құмықтар «Ақ мысық», «Күшік» деп қоятын болған. Осындай атты қойсақ жын-шайтан

адамды алмай, аман қалады деп ойлаған» (Жанұзақ, 2022: 81).

Бала отбасында шетіней берсе, иттің яки ит туралы атты сахалар да қоятын болған: *Майтрук*, *Бургас*. Орал башқұрттары балаға *Күшік* деген ат қоятын, алтайлықтар да *Иткөтен*, качин татарлары *Ит* деп қойған.

Балаларға ит атын қоюдың етек алуы кездейсоқ құбылыс емес. Әуел баста «жаман аттар» қойылмай айуандардың аты қойылған болу керек. Бала сол айуандардай күшті, мықты және ұзақ жасасын деген тілек болған. Бұл идея ұмыт бола бастаған кезде ит атын тотем ретінде қоятын (Жанұзақ, 2022: 78).

Қазақтың ескі аттарының ерекшелігі, олардың көбі (антропоним, патроним, әсіресе, этнонимдердің) аталым уәжі лақап аттарға негізделгендігі. Өз кезегінде мұндай аттар есім иесінің дене бітіміне, мінез-құлқына, сырт пішініне, кәсібіне, әлеуметтік жағдайына немесе кемтарлығына т.б факторларға сай қойылған. Көп жағдайда тарихтан белгілі жайт, белгілі тұлғалардың лақап атымен қатар екінші жасырын шын аты болған.

Т. Жанұзақ қазақ тіліндегі лақап аттарды В.А. Гордлевскийдің ізімен бірнеше топқа бөлген, соны қысқартып, екеуін ғана келтіреміз (Жанұзақ, 2022:73):

I. Түрлі белгілерге байланысты.

а) адамның бет-әлпет түріне, көзі, шашына байланысты. Мысалы: *Қаракөз Айша*, *Қасқыркөз Телқара*, *Сары Асан*, *Шұбар Малыбай*, *Жылтырбет Төрехан*, *Күлімкөз Ботан*, *Бұжыр Мақан*, *Қызылбет Әли*, *Ақбас Әзім*, *Қасқабас Сәлім*, *Шоңмұрын Кәдір*, *Жылтыр Хасен*, *Шегір Асаубай*, *Алакөз*, *Көккөз* т.б. Бұл топқа халық ауыз әдебиетіндегі: *Қарашаш*, *Қара Көжік*, *Қаракөз Айым* сияқты есімдердің (қара, қаракөз, сұлу) тіркестерін лақап аттарға жатқызуға болады.

ә) адамның жүрісі, тұлғасы, мүсініне байланысты. Мысалы: *Жорға Жұмабай*, *Жорғатай*, *Ұзын Ахмет*, *Қисық Әлтай*, *Қалтақбас Ғабдеш*, *Ұзын Әшкер*, *Бүкір*, *Түйе балуан*, *Майысқақ Қаратай*, *Шойыңқұлақ*, *Шойқара*, *Қортық Сәми* т.б.

Қазақтың лақап аттары жазушылар Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, Ә. Кекілбаев т.б. шығармаларында жүздеп кездеседі.

Антропонимдердің уәжділігі халқымыздың мифтанымдық болмысымен, ырымдарымен, тыйымдарымен, дінімен, ділімен тығыз байланысты болған.

Кейбір дәл тауып қойылған есімдер, сол адамға өмір бойы қосалқы ат болып қала береді және бір рулы елдің атауы болып қалыптасқан. Сондай әрекеттің бірі лақап ат таңып, ол сол адаммен бірге жасасып келсе, сол лақап аттың нәтижесінде бүкіл бір ру солай аталып кетіп отырған. Осыған орай руға байланысты лақап аттар қазақ рулары арасында да кездесетін құбылыс. Мысалы: *қаракесек*, *қарақыпшақ*, *ақ найман*, *семіз найман*, *жуанбұт найман*, *шымыр*, *көкірек*, *шуылдақ*, *шимойын*, *момын*, *жетімомын*, *қарауыл*, *құйысқансыз*, *қарақасқа*, *төртқара* т.б. (Сейітова, 2019: 11). Мысалы, *Қаракесек* – ру атауы – лақап ат. Ол рудың негізін қалаушының шын аты – Болатқожа. Бір аңыз бойынша, Болатқожа Арғынның күңінен туған да, енді бір аңызда ол Кіші жүзден келіп, Арғын руларына қосылған.

Дегенмен көптеген есімдер, әсіресе, ру аттары ырымға, наным-сенімге, дәстүрлі түсініктерге, жоралғыларға негізделіп қойылған. Зерттеуімізде антропоним, этнонимдерді бірнеше лексика-семантикалық топқа бөліп қарастырамыз:

- ырымдап қойған есімдер;
- кәсібіне қарай қойылған есімдер;
- ерекше қасиетіне, қоғамдық-әлеуметтік орнына қарай;
- сырт пішіні мен мінез-құлқына байланысты қойылған есім;
- дене бітіміндегі кемістігіне байланысты т.б.

Аталмыш топтағы кісі аттары мен ру-тайпа аттарының көбі лақап аттар болып келетіні байқауға болады.

Талдауға қажет антропонимдік (патронимдік, генонимдік, этнонимдік) үлгілерді Ф.Щербинаның аталмыш еңбегінде Ақмола, «Поаульные таблицы статистических сведений» деген бөлімінде ономастикалық атаулар кестесі берілген, соның «Названия» деген бөліміндегі 1-графада. «Хозяйственного аула (зимовки) по аксакалу» деген кестедегі антропонимдердің кейбіреуін іріктеп алдық және индикатор сөздер арқылы тақырыпшаларға жүйеледік. Олар

төмендегідей антропонимдік модельдер:

– кәсібіне қатысты: *Тоғызбай Қойшы, Тілеуберген Малышбай, Қараұста, Махамбет Отыншы, Сабыр-Саудагер, Дайра Орманыш, Тіней Қарауылыш, Сағымбай Бақсы, Санадық Сушы* т.б.;

– әлеуметтік жағдайы, ерекше қасиетіне, қоғамдағы орнына қарай: *Өскей Шешен, Мүсәпір Тіней, Мейіржан Қарақшы, Мұса Сатқын, Малай, Жетімек Күйкентай, Ділман Асыранды, Шоқай Бойдақ, Анужан Қашқын, Досжан Шала* т.б.;

– сырт пішінінде көзге түсетін айрықша белгіге және мінез-құлқына байланысты: *Шоң, Кембай Шүңірек, Балдыбек Бұйра, Уәли Кішкентай, Жұқа Балапан, Балғабай Зілгара, Қайқыбас Тұрсынбай, Құсайын Салтық, Бейсен Сүйірбас, Жамантай Қарашолақ, Ахмет Маймақ, Қотырбас, Кежен Тайпақ, Құрманбай Шотыбас, Лекер Мола, Жырбық Қожасқ, Жаманқара Меңдібай, Шоң Дәулетбек, Таңқыбай Шүршіт, Байғабыл Шойбас, Өтепбай Тарбақ, Тастемір Шүрік, Шикібас Тоқсамбай, Қуанышбек Шодыр, Молдажігіт Жарты, Бөке Шартық, Меңдеке Сонақ, Төпей Жалпақ, Ақи Еркебай, Шонабай Бадырақ, Бейсембай Маубас, Сәмет Таз* т.б.;

– дене бітіміндегі кемшілікке байланысты: *Соқыр Қоңыршұнақ, Рүстембей Шолақ, Мүреп Қисық, Жанқұл Мешел, Сатқанқұл Соқыр, Әбілда Сақау, Тоғайбай Сақау.*

Бұлардың бәрі Ф. Щербинаның аталмыш дереккөзінде құжатталған антропонимдік модельдер. Қандай лексикалық алуандылық десеңізші! Біздің ойымызша, бұлар адамға туа біте қойылған есімдер емес, қоғам тарапынан қойылған, яки лақап есімдер. Адамның ерекше көзге түсетін дене, мінез бітіміндегі ерекшелікті байқаған, сыншы жұрт лақап атты таңып отырған. Ол кездегі адамдардың, олардың жақындарының көңіліне келеді, келмейді, ұнайды, ұнамайды деген мәселе жоқ, *соқыр, мешел, маубас, ақи, маймақ, қотырбас, таз* т.б. тәрізді семантикасы төмен, жағымсыз есімдерді қоя берген. Бұл лақап аттардың адамға бертін келе, есейгенде берілгендіктен, ырымдап немесе қорғау үшін қойылмағандығын, дәстүрлі түсінікке, этникалық стереотипке сай қойылғандығын айта кету керек.

Осы есімдердің көбі этноним болып келетіндігіне көз жеткіздік, мысалы, *Қисық* – Кіші жүз, әлім руына жатады, ал арғынның *жетімомын* руынан *Алдиярдың* лақап аты *Таз*.

Алайда кісі есімі мен ру атауын шатастыру оңай. Бұл жөнінде Ө. Қайдар мынадай пікір айта отырып, Қ. Әбдікерімұлының сөзіне сілтеме жасайды: «Әсіресе ру-тайпа атаулары кісі аттарымен берілген шежірелерде бұл құбылыс жиі кездеседі. Мысалы, «Ел қарияларының айтуына қарағанда, кейбір жазба деректердің мәліметіне сүйенсек, Қабанның (Қабан жыраудың – Ө. Қ) азан айтып қойған шын аты «Қабылиса», өзі ірі денелі әрі тұлабойы түкті болғасын жеңгелері «Қабан» деп атап кеткен дейді. Сөйтіп ел аузында «Қабан ақын» деген аты сақталып қалған. Әкесінің аты – Асан» (Қайдар, 2013: 5).

Осылайша зерттеуші С. Дәуітұлының сөзінше: «Халқымыз өзінің сүйікті батырлары мен ақындарына олардың мінез-құлық, іс-әрекетіне, дене-бітіміне байланысты ат та қойып алатын болған. Содан кейін шын аты аталмай, ел-жұрттың қалап қойған есімі қалың қауым-халайыққа тарап кететіні белгілі» (Дәуітұлы, 1993). Мәселен, *Абылайдың* шын аты – *Әбілмансұр*, түйе бағып жүргендегі аты – *Сабалақ*. Жекпе-жекке шығып жұртқа танылып, ел билей бастаған кезде Абылай атанды», – дейді этнограф Д. Қатыран (Амангелді, 2023). Кең тараған тарихи деректер бойынша 12 жасында әкесі Көркем Уәли жоңғар қонтайшысы Цэван-Рабдан шабуылынан қаза табады. Әбілмансұрдың шыққан тегін жақсы білген Төле би оған өз түйесін баққызып, оны аман сақтап қалу үшін *Сабалақ* деп атап кетеді.

Тарихта Жалаңтөс батыр *Соқыр* деген лақап атпен танымал болған, олай аталуы туралы аңыз бар. *Соқыр* руы негізінен Жалаңтөс батырдың (қаракесек руынан) ұрпағы болып келеді. *Соқыр (Жалаңтөс батыр) басы (мазары)* – Қарағанды қаласының оңтүстік шығысындағы Соқыр өзенінің жағасында. Соқыр өзені қаракесек руы мен қуандық руларының жазғы жайлауда түйісер тұсы, шекарасы. Соқыр эпитетінен жасалған ру атаулары өзге тайпаларда да кездеседі, мысалы, *соқыр жетімдер*. Жалаңтөс батыр көзі тірісінде өзін осы Соқыр өзенінің бойына жерлеуін өсиет еткен. Соғыс үстінде бір көзі зақымданған Жалаңтөс Соқыр батыр атанған. Ол жерленген соң өзен де Соқыр өзені аталып, екі ру арасындағы дау тоқтаған. Даудың тоқтауына тікелей ұлттық таным-түсініктегі аруақты сыйлау дәстүрі әсер еткен (Омари, 2000: 123).

Жағымсыз семантикадағы *жаман, ит, күшік, боқ, тезек, көт, сасық* т.б. антропонимдік атаулар баланы көз тиюден қорғайды, мағынасы жиіркенішті ат қойса жын-перілер айналып өтеді, қарамайды деген түсінік қалыптасқан. Мұндай есімдерді басқа мәдениеттерде «охранные имена», «защитные имена» деп атайды.

Қазақ тіліндегі «жағымсыз» есімдердің этномәдени семантикасына тоқталамыз, онимдік мысалдар Ф. Щербинаның еңбегінен алынды.

Құрамында *жаман* сын есімі бар антропонимдер: *Байнияз Жаманбай, Итаяқ Жаманқұл, Жаманбала Майкөт, Жаманаяқ Жарқымбай, Сәтмағамбет Жаманшал, Құдайберген Жамансары, Жаман Қараи, Балпаң Жаманбала, Дүбір Жаманкөз, Жаман Байғазы, Кәрсембай Жаманай, Жаманбала Бердіқожа* және т.б. Жағымсыз семантикалы *сасық* сөзімен келетін есімдер де жиі кездеседі, мысалы, *Мұстапа Сасықпай, Рысжан Сасық* және т.б.

Басқа түркі тілдерінде де көз тимесін деп, ырымдап қойған «жаман» есімдер көптеп кездеседі. Татар, башқұрт тілдерінде мұндай есімдер қорғау функциясын атқарады: «В татарской антропонимической системе «отвращающие» («плохие») личные имена образованы от слов с негативной семантикой: Сарымсак ‘Чеснок’, Сасык ‘Вонючий’, Яман ‘Плохой’ и др. Этот способ защиты ребенка от злых сил в прошлом использовался также у башкир: имеющие негативный смысл имена Ямак, Яман, Яманбикә, Ямангол, Яманкай, Яманкыз, Ямансары сохранились в составе многих башкирских фамилий (Хазиева-Демирбаш, 2017: 79).

Қазақ шежіресінде *жаман* сөзінен жасалған этнонимдер аталмыш тарихи кезеңде өте жиі кездесетіндігін байқадық. Мысалы, «Абай жолы» романында «Бұның елі «Жаман Тобықты» атанатын. «Жаман Тобықты» өздерін «Жөкең» деп атандырған Қоңыркөкшенің көп елінің бірі осы Жөкең, онан соң Мамай, тағы бір азырақ тобы Көкше» (Әуезов, 2020).

Қазақ геналогиясында *ит, төбет, күшік, барақ* лексемаларымен келетін кісі есімдері мен ру аттары өте көп кездеседі. Оны біз Ф. Щербинаның еңбегіндегі есімдер тізімінен көре аламыз. Мысалы, *ит, төбет, күшік* сөздерінің қатысуымен жасалған: *Балғабай Итқұлақ, Құдияр Төбет, Мысалда Итаяқ, Итжесемес Жұман, Сәрсембі Итжан, Қойшыбай Итбай, Маеке Итбас, Мұстафа Итемген, Итаяқ Жаманқұл, Қарақұл Итемер, Ахметче Итқара, Итбасар Байқара, Байжқсы-Жантөбет, Ит Үске, Тықыбек Итбала, Айқорға Итқара, Малдыбай Италмас, Құттыбай Итембай, Итбол, Итібай Төртуыл, Көжсекбай Байкүшік, Иткүшік, Белгібай-Барақ, Жәрке Аккүшік, Қона Күшік, Тоқтамыс Күшікәлі* т.б. Бұл тізімдегі антропомодельдер ауыл ақсақалдарының аты-жөніндегі екінші сыңары өз әкесі, атасы, арғы атасы немесе ру атауы болуы мүмкін деген пікірдеміз.

Кісі есімдеріндегі «ит» зоокомпоненті бар қазақ антропонимдерінің қойылу себептерін зерттеуші А. Ислам былай түсіндіреді: «Ит» образына байланысты бекіген модустық баға антропонимдерде көрініс тапқан: *Италмас, Итжесемес*. Оларда бір жағынан итке деген жағымсыз көзқарас берілсе, екінші жағынан, міне, осы көзқарас алдыңғы балалары шетінеп, бала тұрмай жүрген ата-ананың жаңа туған нәрестесін тіл-көзден сақтау мақсатында балаға ат қою ритуалының құрамдас бір компоненті ретінде қолданылып тұрғанын аңғаруға болады» (Ислам, 2004: 33). Бұл туралы профессор Т. Жанұзақ былай деген: «...бала туған соң, қырқынан шығарда «ит көйлек» кигізу салты – көптеген түркі халықтарында бар ортақ әдет. Осындай ырымға байланысты *Итбай, Итбас, Күшік, Барақ* деп ат қою болған. Ал қазақ ұғымындағы *итжанды* – «мықты, жаны сірі» адам деген түсінік ертеден келе жатқан ит атын қою ырымымен байланысты болса керек. Мұның негізгі сыры итті тотем ретінде қастерлеуден туған болар» (Жанұзақов, 1971: 45).

«Сонымен бірге, *күшік, күшігім* сөзі эвфемистік атау ретінде жас нәрестені еркелетіп және тіл-көз тимесін деген ырымға байланысты қолданылады» (Қазақтың этнографиялық., 2017). Күшік кезінен асыраған ит үй иелерін, тіптен жиі келіп-кететін адамдарды, сол үйдің малына дейін таниды. Үйіне адасып келген немесе әдейі асыраған күшікті онымен бірге құт келсін деп ырымдап атын *Құтаяқ, Жолдаяқ, Құтжол, Майлыаяқ*, сондай-ақ, асырайтын күшіктің түсінің ерекшелігіне қарай *Ақтөс, Ақтабан, Аққұлақ*, қайсар және қасқыр алатын мықты болып өссін деп *Таймас, Бөрібасар, Арлан, Жолбарыс* т.б. деп ат қойған.

Күшік – Ұлы жүз Жалайыр тайпасының руының аты. «Күшік» – Қосымбеттің лақап аты (шын есімі Көлшік екен деп те айтады). Күшік төрт тармаққа бөлінеді: Таз, Жабысқак, Қарасақал,

Маржа.

Төбет руына қатысты тұрақты тіркес бар екен: *Төбеттің өзі төбет, күшігі де төбет бола ма?* Төбеттің азан шақырып қойған аты Әлім (көкше) болса керек. Әлім бала кезінде құрдастарымен алысып-жұлысып ойнағанда, олардың бірін-біріне қоспай лақтырып, шетінен жыға берген. Содан оның күш-қимылын бейнелеп, «Төбет» деп атап кеткен деседі (Жұртбаев, 1994: 140).

«Төбет иттер көшпелі ортада күзетшілікпен қатар бақташылық қызметті атқарғандығынан көшпелілер итті «жеті қазынаның» қатарына қосқан. Шаңырақтың «ырысы мен берекесінің» бір тұрағы ит деген сенімнің мәні Төбеттің сан-салалы қызметіне байланысты қалыптасса керек» (Қазақтың этнографиялық ..., 2017).

Төбет руына қатысты зерттеуші Ш. Сейітованың жеткізуінде ел арасында мынадай тұрақты тіркес пен аңыз бар екен: «*Төбет ұрды дегенше, дауды жеңді де!*». Арғын-найман арасындағы атақты Қаз дауысты Қазбектің баласы Бекболат би Төбет биге мынандай сұрақ қойыпты: – Найманның батыры – Қабан, сұлтаны – Барақ, биі – Төбет келетіні несі? Мұның өзі жай ма, жоқ аттарың заттарыңа сай ма? – депті. Сонда Төбет би бөгелместен: «Екі аяқты, төрт аяқты, қос қанатты» деп жіктелгеніміз болмаса, әкең Қазбектің дауысы қазға ұқсар ма еді? Батырым – Қабан болса, қалмақты қамыстай қырған шығар. Сұлтаным – Барақ атанса, қотанын қасқырға бермей алысқанын алып ұрған шығар. Ал менің атым – *Төбет, еліме айбар, жауыма бөгет*. Сырттағы ел басынбасын, ешкімнің сөзін басынан асырмасын деп қойған болар, – депті. Содан Бекболат жеңіліп, Төбет би осылай өзін таныстырыпты» (Сейітова, 2019: 96).

Лақап есімдер көбіне ер адамдарда басым болып келетіндігі, әйел адамдарда сирек кездесетіндігінің себебін жас зерттеуші Ә. Сейітбатқал былай түсіндіреді: «Бұл маңызды әлеуметтік мәселелерді ерлердің атқаруымен тікелей байланысты. Сондай-ақ, қазақ халқы қыз балаларды қадірлеп, оларды тек жақсы сөздермен атаған (Молдақыз, Қарақыз, Сарықыз). Қыз балалардың сырт келбеті, биязы қылығы, даналығы, мінезінің жайдарлығы сынды жағымды қасиеттері назарға іліккен» (Сейітбатқал, 2023: 118).

Әр ру-тайпаның қазіргі кезде де халық арасында өз шежіресі бар және ол толығып, жалғасын табуда. Ол шежірелерде нақты руға, аталарына қатысты аңыз-әңгімелер, әпсаналар, тұрақты тіркестер бар.

Шежіре ономастикасы жалпы өте ауқымды кең тақырып. Біз мақаламызда ғылыми мәселе ретінде кейбір проблемалық тұсын ғана көрсеттік. Шежіре ономастикасы болашақта үлкен арналы зерттеулерді қажет етеді.

Қорытынды

XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезеңіндегі деректер бойынша жинақталған кісі аттары мен ру-тайпа атауларының лексика-семантикалық, этномәдени семантикасын талдау барысында төмендегідей жайттар анықталды:

- 1) аталған кезеңдегі антропонимдер мен топонимдердің жасалу уәжінің негізінде ырым, жоралғылар жатыр;
- 2) ру-тайпа атауларының көбі лақап атқа негізделген;
- 3) семантикасы «жағымсыз» онимдердің жасалу уәжі «тіл, көз тиюден қорғау» магиялық, ритуалдық функциясын атқаратын аталымға негізделген;
- 4) лақап аттарға ие тұлғалардың туғанда қойылған, көпшілікке беймәлім шын аты болған;
- 5) көптеген ырымдап қойған есімдердің этномәдени семантикасы жабық кодқа салынған, оны біліп, тану үшін аялық білімдер қажет, ол сол кездегі қазақ қоғамының мифтанымдық түсініктерімен, халықтық білімдер, стереотиптермен, жалпы дүниетанымымен, тұрмыс-тіршілігімен, шаруашылық ерекшелігімен тығыз байланысты.

«Жағымсыз» семантикалы кісі, ру аттарының осыдан бір ғасыр емес, бірнеше ғасыр бұрын жиі болуының себебі – бала шетінеуі көп болғандықтан, дүниеге жаңа келген туманы қалай қорғап, сақтап қаламыз, «жаман» есім берсек аман қалар деген ниеттен туған. Ол кезеңде ол есімдер «жаман» болып есептелмеген, яғни қорғау функциясын атқарған. Әрине қазіргі заманда халықтың тілдік, эстетикалық талғамы өзгерді, өсті, баласына мағынасы айшықты, жағымды, әуезді есімдер беруге тырысады.

Тарихымыздың өткен беттерінде қатталған ономастикалық атауларды, ру-тайпа атауларын, кіс аттарын, шежірелердегі аңыз-әңгімелер мен тұрақты тіркестерді жинап, түгендеп, ғылыми тұрғыдан саралап, оның сыртында халықтық шежіре тілін де зерттеп, оларды «Қазақ тілінің ұлттық корпусының» Ономастикалық ішкорпусына енгізу жұмыстарын қолға алу керектігі анық.

Әдебиеттер

- Амангелді Ж. Адам есімінде жан бар// «Айқын» ақпарат//14/01/2023 / <https://aikyn.kz/> 14/01/2023.
 Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы: «Meloman Publishing», 2020. – 834 б.
 Борисова Е.О. К изучению индивидуальных прозвищ с ситуативной мотивировкой в русских народных говорах // *Voprosy onomastiki*. 2024. Vol. 21, Iss. 3. -156-177.
 Дәуітұлы С. Қабан ақын дарыны – Қабан жырау // Алтын қазық, өлеңдер, айтыстар, аңыздар, 1993, 108 б.
 Жанболатұлы М. Тобықты – Шыңғыстау шежіресі, 2004. – 1 т. – 520 б.
 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 215 б.
 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Бес томдық. – Т.4. Нұр-Сұлтан. Халықаралық Түрік академиясы, 2021.
 Жұртбаев Т. Дулыға. – Алматы: Жалын, 1994. – 1 т. – 366 б.
 Жүнісжанұлы Ж. Отыз әулет – мың ұрпақ. – Алматы: Қағанат, 2002. – 336 б.
 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. докт. ... автореф.: 10.02.19 – Алматы, 2004. – 50 б.
 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Қоғам. – Алматы: Сардар, 2013. – 867 бет.
 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-5 т. Ғыл. ред. Әлімбаев Н. – Алматы: Әлем. Даму. Интеграция, 2017.
 Материалы по киргизскому землепользованию: Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию степных областей. – Т. 11: Акмолинская область. Омский уезд. – Омск, 1902. – 359 с.
 Омари Ж. Қаз дауысты Қазыбек би. – Астана: Фолиант, 2000. – 317 б.
 Сейтбатқал Ә.Б. Тарихи және заманауи лақап есімдердің этнолингвистикалық ерекшеліктер // *Tiltanym* №1 (85). – 2022.
 Сейітова Ш.Б. Қазақ этнонимдерінің тарихи-лингвомәдени жүйесі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары бойынша). Монография. – Семей, 2019. – 308 б.
 Снасапова Г.Ж. F.Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы: 2003. – 34 бет.
 Хазиева-Демирбаш Г.С. Лечебно-защитные личные имена в традиционной татарской культуре // *Вопросы ономастики*. – 2017. – Т.14. – №3. – С. 72-83.

References

- Amangeldi, Zh. (2023) Adam esiminde zhan bar. «Ajqyn» aqparat. 14/01/2023/ <https://aikyn.kz/> 14/01/2023. [Amangeldi Zh. (2023) There is a soul in a human name. «Ajqyn» information. 14/01/2023/ <https://aikyn.kz/> 14/01/2023.] (in Kazakh)
 Auezov, M. (2020) Abaj zholy: roman-jepopeja. Almaty: Meloman. 834 b. [Auezov, M. (2020) The path of Abai: novel-epic. Almaty: Meloman. 834 p.] (in Kazakh)
 Borisova, E.O. (2024) K izucheniju individual'nyh prozvishh s situativnoi motivaciej v russkih narodnyh govorah. *Voprosy onomastiki*. T. 21. Vyp. 3. S. 156-177. [Borisova, E.O. (2024) On the study of individual nicknames with situational motivation in Russian folk dialects. *Onomastics issues*. Vol. 21. Iss. 3. P. 156-177.] (in Russian)
 Dautuly, S. (1993) Qaban aqyn daryny – Qaban zhyrau. Altyn qazyq, olengder, ajtystar, angyzdar. 108 b. [Dautuly, S. (1993) The talent of the Kaban poet – Kaban zhyrau. Golden peg, poems, aitys, legends. 108 p.] (in Kazakh)
 Hazieva-Demirbash, G.S. (2017) Lechebno-zashhitnye lichnye imena v tradicionnoj tatarskoj kul'ture. *Voprosy onomastiki*. T.14. №3. S. 72-83. [Khaziyeva-Demirbash, G.S. (2017) Therapeutic and protective personal names in traditional Tatar culture. *Questions of onomastics*. V.14. No.3. P. 72-83.] (in Russian)
 Islam, A. (2004) Ultyq madeniet konteksindegi duniening tildik sureti (salystyrmaly-salgastyrmaly lingvomadeni saraptama): filol. ғыл. dokt. ... avtoref.: 10.02.19. Almaty, 50 b. [Islam, A. (2004) Linguistic picture of the world in the context of national culture (comparative linguistic and cultural examination): philol. science. doct. ... abstract.: 10.02.19. Almaty. 50 p.] (in Kazakh)
 Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannye i razrabotannye jekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastej (1902). T. 11: Akmolinskaja oblast'. Omskij uезд. Omsk. – 359 s. [Materials on Kyrgyz land use, collected and developed by the Expedition for the study of steppe regions (1902). Vol. 11: Akmola region. Omsk district. Omsk. 359 p.] (in Russian)
 Omari, Zh. (2000) Qaz dauysty Qazybek bi. Astana: Foliant. 317 b. [Omari, Zh. (2000) Strong voice Kazybek bi. Astana: Foliant. 317 p.] (in Kazakh)
 Qajdar, A. (2013) Qazaqtar ana tili aleminde (jetnolingvistikalыq sozdik). Qogam. Almaty: Sardar. 867 b. [Kaidar, A. (2013) Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary). Society. Almaty: Sardar. 867 p.] (in Kazakh)
 Qazaqtyn jetnografialыq kategorijalar, ugymdar men ataularynyng dasturli zhujesi (2017). 1-5 t. Almaty: Alem. Damu.

Integraciya. [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names (2017) V. 1-5. Almaty: The world. Development. Integration.] (in Kazakh)

Seitbatqal, A.B. (2022) Tarihi zhane zamanaui laqap esimderding jethnolinguistikalyq erekshelekteri. Tiltanym No.1(85). [Seitbatkal, A.B. (2022) Ethnolinguistic features of historical and modern nicknames. Tiltanym No.1(85).] (in Kazakh)

Sejitova, Sh.B. (2019) Qazaq jetnonimderining tarihi-lingvomadeni zhujesi (Shygys Qazaqstan ajmagy materialdary boynsha). Monografiya: Semej. 308 b. [Seitova, Sh.B. (2019) Historical and linguistic and cultural system of Kazakh ethnonyms (Based on the materials of the East Kazakhstan region). Monograph: Semey. 308 p.] (in Kazakh)

Snasapova, G.Zh. (2003) G. Musirepovting «Ulpan» povesindegi lingvomadeni birlikter: filol. gyl. kand. ... avtoref., 10.02.02. Almaty. 34 b. [Snasapova, G.Zh. (2003) Linguocultural units in the story "Ulpan" by G. Musrepov: philol. science. kand. ... abstract., 10.02.02. Almaty. 34 p.] (in Kazakh)

Zhanbolatuly, M. (2004) Tobykty – Shyngystau shezhiresi, 1 t. 520 b. [Zhanbolatuly, M. (2004) Tobykty – the Chronicle of Chingistau, 1 Vol. 520 p.] (in Kazakh)

Zhanuzaqov, T. (1971) Qazaq esimderining tarihy. Almaty: Gylym, 215 b. [Zhanuzakov, T. (1971) History of Kazakh names. Almaty: Gylym, 215 p.] (in Kazakh)

Zhanuzaq, T. (2021) Qazaq onomastikasy. Bes tomdyq. T.4. Nur-Sultan. Halyqaralyq Turik akademijasy. [Zhanuzak, T. (2021) Kazakh onomastics. Five volumes. Vol. 4. Nur-Sultan. International Turkish Academy.] (in Kazakh)

Zhunisizhanuly, Zh. (2002) Otyz aulet – myng urpaq. Almaty: Qaganat. 336 b. [Zhunisizhanuly, Zh. (2002) Thirty dynasties – a thousand generations. Almaty: Kaganat. 336 p.] (in Kazakh)

Zhurtbaev, T. (1994) Dulyga. Almaty: Zhalyn. 1 t. 366 b. [Zhurtbayev, T. (1994) Helmet. Almaty: Zhalyn. V. 1. 366 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 26.01.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.03.2025.

© Рысберген Қ.Қ., Пашан Д.М., Ғабитханұлы Қ., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025